

«Қызғалдақ» бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Отаным бақыт мекенім!»

«Күншуақ» ересек тобы

Тәрбиеші: Бухарбаева Айымгуль

2024 жыл

Тақырыбы: «Отаным бақы мекенім!»

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Ересек «Күншуақ» тобы

Мақсаты: Балаларға Республика күні жөнінде түсінік беру. Ол неге аталып өтіледі?

Оның қандай рәміздері бар? Ол бізге неге ыстық?

Балалардың патриоттық және адамгершілік сезімін ояту, «Отан» туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге үйрету.

Көрнекілігі: Тулар, шарлар, тірек суреттер, буклет, слайд.

Кенге толы қойнауы

Төлге толы жайлауы

Ол- біздің Қазақстан!

Анамыздай тілеуі- ақ

Отан бізде біреу-ақ,

Ол біздің Қазақстан!

Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болғалы тұр ендеше әнұранмен бастайық.

Түсінік беру.

Республика күнінің тарихына тоқтала кетсек, Республика күні 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды.

Сол сәттен бастап-ақ егеменді Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Әлем картасында жаңа мемлекет Қазақстан Республикасының негізі қаланды.

Қабылданған декларация Қазақстанның болашақ тәуелсіздігінің іргетасы саналады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік өкіметтің дербестігі мен толықтылығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран, сондай-ақ ұлттық валютасы бекітілді.

Сұрақ - жауап

Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мемлекетінде тұрамыз.

Қазақстан мемлекетінің президенті кім?

— Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Астана қандай қала?

— Гүлденген қала (гүл бейнесі бар тірек суреттерін көрсетеді).

Алматы қаласы неге бай?

— Алмаға (алма бейнесі бар тірек суреттерін көрсетеді).

Қостанай қаласы неге бай?

— Бидайға (бидай бейнесі бар тірек суреттерін көрсетеді).

Бидайдан біз не жасаймыз?

— Нан (нан бейнесі бар тірек суреттерін көрсетеді).

Біз қай облыста тұрамыз?

— Атырау облысында

Атырау облысы неге бай?

— Мұнайға

Балалар біздің аяқ - қолдарымыз шаршап қалды, ендеше бір сергітіп алайық.

Балалар басымыз қалай сөйлейді?

Иә, иә

Жоқ, жоқ

Иығымыз қалай сөйлейді?

Білмеймін, білмеймін

Ал қолымыз қалай сөйлейді?

Сәлем, сәлем

Қош бол, қош бол

Бері кел, бері кел

Басбармағымыз қалай сөйлейді?

Жарайсың, жарайсың

Жамансың, жамансың

Аяғымыз қалай сөйлейді?

Топ, топ

Топ, топ



Ал, ендеше тапсырмаларыңды орындауға дайынсыңдар ма?
 Әр үстелге Республика күніне қатысты сурет салу, құрастыру, жапсыру, мүсіндеу
 тапсырмалары берілді. Балалар тапсырмаларды жақсы орындап шықты.



Мен Қазақтың әнін орындадық.Трендке түстік.





Қортынды:

25- қазан қандай күн? Республика күні

Қазақстанның тұңғыш президенті кім? Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақстанның қазіргі президенті кім? Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге несімен ұнады?

Қазақстанның Туының суретін салған сендерге ұнады ма?

Қазақстан елінің келешегі сендерсіңдер білімді ақылды болсаңдар көктуымызды талай көктен желбірететіндеріңе біз сенеміз!

Балалардың білімдерін бекіту, балаларды белсенділіктері үшін мақтау.

